

ҚОСУ АРҚЫЛЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қосу арқылы Банктік қызмет көрсету шартының осы ережелері (бұдан былай – ҚБҚКШ ережелері) және Клиент тиісті түрде рәсімдеген және қол қойған ҚБҚКШ ережелеріне қосылу туралы өтініш (бұдан былай – Қосылу туралы өтініш) бірге Клиент пен «Qazaq Banki» АҚ (бұдан былай – Банк) арасында жасалған Қосу арқылы банктік қызмет көрсету шарты (бұдан былай – ҚБҚКШ) болып табылады.

1.2. ҚБҚКШ осы ережелері және Қосылу туралы өтініш www.qazaqbanki.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми интернет-сайтында жарияланған.

1.3. Клиент өзі қол қойған Қосылу туралы өтінішті (2 (екі) данада, бір данасы – Клиент үшін, бір данасы – Банк үшін), сондай-ақ бантік (ағымдағы/жинақ) шот ашу үшін қажетті құжаттар тізіміне сәйкес барлық құжаттарды Банкке тапсырған күннен бастап ҚБҚКШ жасалған деп есептеледі. Қабылдау туралы Банктің белгілері бар Қосылу туралы өтініштің бір данасы Клиентке беріледі және ҚБҚКШ жасалу фактісін растайтын құжат болып табылады.

1.4. Клиентке банктік қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және ҚБҚКШ сәйкес жүзеге асырылады.

1.5. ҚБҚКШ келесі банктік қызметтер кешенін қамтиды:

- ұлттық және шетелдік валюталарда ағымдағы шоттарды ашу және жүргізу, соның ішінде есеп-кассалық қызмет;
- ағымдағы шот қалдығына сыйақы есептеу;
- «Интернет-Банкинг» қашықтықтан банктік қызмет көрсету.

1.6. ҚБҚКШ осы Ережелерімен қызмет көрсетудің басқа тәртібі анықталмаса, Клиент ағымдағы шот ашу үшін қажетті құжаттар тізіміне сәйкес құжаттарды тапсырып, тиісті түрде рәсімдеп, қол қойып, тапсырған Қосылу туралы тиісті өтініш ҚБҚКШ осы ережелерімен қарастырылған қызметтерді Клиентке ұсыну үшін негіз болып табылады.

1.7. Клиенттен Қосылу туралы өтінішті алған күннен кейінгі 1 (бір) банк күні ішінде Банк Қосылу туралы өтініште көрсетілген қызметтердің Клиентке ұсынылуын қамтамасыз етеді.

1.8. ҚБҚКШ шеңберінде Клиент міндетті түрде ағымдағы шот ашады. Клиенттің қолданыстағы ағымдағы шоты болса, қосымша ағымдағы шот ашу талап етілмейді. Бұл орайда, Банк қағаз тасушыда ертеректе жасаған ағымдағы банктік шот шартының негізінде ертеректе ашылған ағымдағы шотқа қызмет көрсетеді.

1.9. ҚБҚКШ шеңберінен тыс ашылған банктік шоттардың жекелеген түрлерін ашу және қызмет көрсету, банктік қызметтер мен өнімдерді ұсыну Клиент пен Банк ҚБҚКШ жасағанға дейін және жасалғаннан кейін жасалған/белгіленген жекелеген шарттармен, келісімдермен, ережелермен (талаптармен) реттелуі мүмкін. Мына немесе басқа шоттарға, банктік қызметтер мен өнімдерге қатысты шарттар, келісімдер, қызмет көрсету ережелері мен ҚБҚКШ ережелерінің арасында қайшылықтар болса, ҚБҚКШ басқаша анықталмаса, тиісті жекелеген шарттар, келісімдер, қызмет көрсету ережелері артықшылық күшке ие болады.

2. ҚОСУ АРҚЫЛЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР КЕШЕНІ

2.1. ҚБҚКШ шеңберінде Клиент осы Ережелердің 1.5 тармағында көрсетілген банктік қызметтерді пайдалануға құқылы.

2.2. Ұлттық және шетел валюталарында ағымдағы шоттарды ашу, сондай-ақ есептік-кассалық қызмет көрсету «Клиенттің ағымдағы шоттарын ашу және есеп-кассалық қызмет көрсету талаптарына» – ҚБҚКШ осы Ережелерінің №2 қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.3. Ағымдағы шоттағы ақша қалдығына сыйақы есептеу «Клиенттің ағымдағы шотындағы ақша қалдығына сыйақы есептеу талаптарына» – ҚБҚКШ осы Ережелерінің №3 қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.4. «Интернет-Банкинг» қашықтықтан банктік қызмет көрсету ««Интернет-Банкинг» қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесін қолданып, қызмет ұсыну талаптарына» – ҚБҚКШ осы Ережелерінің №4 қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Клиент міндеттенеді:

3.1.1. ҚБҚКШ талаптарын орындауға.

3.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен анықталған Клиенттің ағымдағы шотын ашу және жүргізу үшін барлық қажетті құжаттарды Банкке тапсыруға.

3.1.3. ағымдағы шот жүргізу үшін, сондай-ақ ағымдағы шот бойынша тиісті операция жасалған кезде қолданылатын Банк тарифтеріне сәйкес басқа банктік қызметтер ұсыну үшін Банкке комиссиялар төлеуге.

3.1.4. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға.

3.1.5. өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын беріп, Клиенттің ағымдағы шоты бойынша Банк жүргізген операцияларға әсер ететін барлық өзгерістер туралы, соның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, Клиент атауының, орналасқан жерінің өзгеруі туралы, ағымдағы шотқа өкімдік ету құқығына ие тұлғаларды өзгерту туралы Банкке бірден (үш жұмыс күні ішінде) жазбаша хабарлауға. Керісінше жағдайда ағымдағы шот бойынша операциялар жүргізуге әсер ететін енгізілген өзгерістер туралы ақпарат болмай жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) үшін Банк жауапкершілік көтермейді.

3.1.6. әр жаңа күнтізбелік жылдың 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей 1 (бірінші) қаңтардағы жағдай бойынша ағымдағы шоттағы ақша қаражатының қалдығы туралы жазбаша растаманы Банкке беруге.

3.1.7. ҚБҚКШ бұзылғанға дейін ҚБҚКШ шеңберінде Клиенттің бар барлық қызметтері бойынша комиссиялар бойынша Банктің алдындағы берешекті өтеуге.

3.2. Клиент құқылы:

3.2.1. Банкке жазбаша хабарлап, Банктің ҚБҚКШ талаптарын өзгертуімен келіспеген жағдайда ҚБҚКШ бұзуға. ҚБҚКШ жаңа талаптары күшін енгенге дейін Банк оны бұзу туралы жазбаша хабарлама алмаса, Банк ҚБҚКШ талаптарының өзгерістерімен Клиент келісті деп есептейді.

3.2.2. ҚБҚКШ ағымдағы шотын болжамды жабу/тоқтату күніне дейін қалған кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын бір тарапты тәртіпте ағымдағы шотты жабу/ ҚБҚКШ күшін тоқтату туралы Банкке жазбаша өтініш беруге, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚБҚКШ ағымдағы шотын жабуға/күшін тоқтатуға кедергі келтіретін жағдайлар болмауы керек.

3.3. Банк міндеттенеді:

3.3.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ҚБҚКШ сәйкес банктік қызмет көрсетуге.

3.3.2. ағымдағы шот бойынша жүргізілген операциялар бойынша құпия сақтауға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/неме ҚБҚКШ белгіленген тәртіпте, талаптарда, негіздер бойынша ғана шоттың болуы, иесі, шот нөмірі, шоттағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға беруге.

3.3.3. Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен қарастырылған мерзімде Клиенттің ағымдағы шотының ашылуы/жабылуы туралы салық органдарына хабарлауға.

3.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және жағдайларда Клиенттің ақшасын алу туралы үшінші тұлғалардың өкімін орындауға.

3.4. Банк құқылы:

3.4.1. заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын Банк сақтауы үшін, Банк валюталық бақылау жүргізуі үшін ағымдағы шот бойынша операциялар жүргізу үшін қажетті кез келген ақпарат пен кез келген құжаттарды Клиенттен сұрауға.

3.4.2. Банктің www.qazaqbanki.kz ресми интернет – сайты арқылы кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын алдында Клиентке хабарлап, бір тарапты тәртіпте ҚБҚКШ талаптарына өзгерістер енгізуге;

3.4.3. Банк филиалдарының операциялық залдарында және Банктің интернет-сайтында (www.qazaqbanki.kz) тиісті ақпарат орналастыру арқылы Банктің жаңа тарифтері күшіне енетін күнге дейін қалған 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Клиентке бұл туралы хабарлап, Шот жүргізу, жабу үшін, есеп-кассалық қызмет көрсету үшін, басқа банктік қызметтер ұсыну үшін Банк өндіріп алатын комиссиялардың мөлшерлерін бір тарапты соттан тыс тәртіпте өзгертуге.

3.4.4. Клиентке алдын ала хабарламай Шотты жабуға және ҚБҚКШ күшін тоқтатуға:

- Клиент таратылғанда немесе қайта ұйымдастырылғанда тарату/қайта ұйымдастыру фактісін растайтын құжаттар болса;
- 1 (бір) күнтізбелік жылдан ұзақ уақыт бойы Клиенттің Шотында ақша болмаса;
- операциялар заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында жасалады деген Банктің күмәні болса және/немесе Лаңкестікті және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізіміне енгізілген ұйым немесе тұлға операцияның бір тарапы (тараптары) болса.

3.4.5. Клиент жалғыз/ағымдағы шотты жапса, ҚБҚКШ құрамындағы қызметтерді ұсынудан Клиентке бас тартуға.

3.4.6. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды есептемегенде шотқа қойылған орындалмаған талаптар болса, ағымдағы шотты жабудан бас тартуға.

3.4.7. заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын Банктің сақтауы мақсатында Банкке банктік операцияларды жүргізу үшін берілген кез келген деректерді алу, тексеру/қайта тексеру бойынша іс-шараларды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген әрекеттерді атқаруға.

3.4.8. Клиенттің банктік шоттарын дебеттеу арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа әдіспен Клиенттің шоттарынан осы талаптарға сәйкес төленуге тиісті комиссиялық сыйақыны акцептсіз тәртіпте есептен шығаруға.

3.4.9. Осы операцияның бір тарапы (тараптары) келесілер болса, операция жүргізуді тоқтатуға және/немесе бас тартуға:

- Лаңкестікті және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізіміне енгізілген ұйым немесе тұлға;
- Лаңкестікті және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізіміне енгізілген ұйымның немесе тұлғаның тікелей немесе жанама меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға;
- Лаңкестікті және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізіміне енгізілген ұйымның немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;
- Лаңкестікті және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізіміне енгізілмеген, бірақ лаңкестікті және экстремизмді

қаржыландырады немесе лаңкестікпен, экстремизммен байланысты деген күдік бар заңды немесе жеке тұлға.»

3.4.10. Келесі жағдайларда операцияларды жүргізуден бас тартуға:

- «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының 5-бабының 3-тармағының 1) - 4) тармақшаларымен қарастырылған талаптар бұзылса;
- операцияның (-лардың) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталған деген Банктің күдігі болса;
- халықаралық ұйым немесе шетелдік мемлекет анықтаған, ақшаны жылыстату және лаңкестікті қаржыландыру қомақты тәуекелдері бар елде тіркелген/орналасқан тұлға мәміле бойынша осы операцияның/мәміленің немесе міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы болса немесе осы операцияны/мәмілені орындауға осы тұлға қатысса;

3.4.11. нысаны мен мазмұны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін уәкілетті органдардың тиісті шешімдері (қаулылары) негізінде шот бойынша шығыс операцияларды тоқтатуға, сондай-ақ шоттағы ақшаға тыйым салуға.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚБҚКШ талаптарына сәйкес міндеттерін тиісті түрде орындау үшін жауапкершілік көтереді.

4.2. Банк хабарламаларын Клиенттің уақтылы алмауына немесе алмауына алып келген, Банкке байланысты емес туындаған себептер үшін, поштаның, Интернеттің, байланыс желісінің жұмысындағы істен шығулар үшін жауапкершілік көтермейді.

4.3. Клиент ҚБҚКШ талаптарын орындамаған жағдайларда Банк жауапкершілік көтермейді.

4.4. Клиенттің ҚБҚКШ немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын немесе ережелерін бұзуы нәтижесінде Банк көтерген шығыстар мен шығындар үшін Клиент Банктің алдында жауапкершілік көтереді.

4.5. Банк қызметтерінің уақтылы төленбегені (төленбегені) үшін Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

4.6. Банк банктік ережелермен қарастырылған процедураларды қолданып, уәкілетті емес тұлғалардың өкім беру фактісін анықтай алмаған жағдайларда Банк Клиенттің уәкілетті емес тұлғалары берген тапсырмаларды орындау салдарлары үшін жауапкершілік көтермейді.

4.7. Табиғат апаттары, апаттар, өрттер, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, төңкерістер, әскери әрекеттер, үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері, заң актілерінің, өкімет қаулыларының, мемлекеттік органдардың өкімдерінің күшіне енуі сияқты төтенше және алдын ала білу мүмкін емес белгісіз күш жағдайлары, Тараптардың ҚБҚКШ бойынша функцияларын атқаруға тыйым салатын немесе кедергі келтіретін күш жағдайлары туындағанда Тараптар өздеріне алған міндеттерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.8. Белгісіз күш жағдайлары басталғанда тарап бірден екінші тарапқа жазбаша олар туралы хабарлауы керек. Хабарламада жағдайлар сипаты туралы деректер, сондай-ақ Тараптың ҚБҚКШ бойынша міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне және міндеттемелердің орындалу мерзіміне олардың әсер бағасы қамтылуы керек. Жоғарыда аталған жағдайлар тоқтағанда Тарап бірден екінші тарапқа жазбаша бұл туралы хабарлауы керек. Хабарламада ҚБҚКШ бойынша міндеттемелерін орындау болжанатын мерзім көрсетілуі керек.

5. БАСҚА ТАЛАПТАР

5.1. Тараптар ҚБҚКШ талаптарын тиісті түрде орындау бойынша туындайтын дауларды келіссөздер арқылы шешеді, бір келісімге келе алмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте шешіледі.

5.2. ҚБҚКШ реттелмеген барлық қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және реттеледі.

6. ҚБҚКШ КҮШІНДЕ БОЛАТЫН МЕРЗІМ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ

6.1. ҚБҚКШ шектелмеген мерзімде қолданылады.

6.2. Клиент Банкке ҚБҚКШ бұзу туралы жазбаша өтінішті беру арқылы өз ниеті туралы хабарлап, кез келген уақытта ҚБҚКШ бұзуға құқылы. ҚБҚКШ бұзу туралы Клиенттің өтініші келіп түскенде ҚБҚКШ құрамында жасалған барлық шарттар/келісімдер/мәмілелер автоматты түрде бұзылуы керек.

6.3. 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде Клиент ҚБҚКШ осы Ережелерімен қарастырылған қызметтерді пайдаланбаса және аталған уақытта Клиенттің ағымдағы шотында ақша қаражаты болмаса, Банк Клиентке бұл туралы жазбаша ескертіп, ҚБҚКШ орындалуынан бас тартуға құқылы. Клиент осы мерзім ішінде ҚБҚКШ шеңберінде бір де бір қызметті пайдалануды жаңартпаса және/немесе Клиенттің ағымдағы шотына ақша қаражаты келіп түспесе, Банк ескерту жіберген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік ай өткеннен кейін ҚБҚКШ бұзылған деп есептеледі.

6.4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚБҚКШ талаптарына сәйкес белгіленген тәртіпте Клиенттің шоттарын жабады және ҚБҚКШ шеңберінде қызметтер ұсынуды тоқтатады.

6.5. Тараптар ҚБҚКШ, жекелеген шарттар, келісімдер, Банк пен Клиент арасында жасалған/Банк белгілеген, шоттардың жекелеген түрлерінің ашылуын, қызмет көрсетілуін реттейтін қызмет көрсету ережелері (талаптары) бұзылғанда банктік қызметтер мен өнімдерді ұсыну дербес шарттар, келісімдер және қызмет көрсету ережелері (талаптары) ретінде қолданылуын жалғастырады деп мойындайды.

7. ҚБҚКШ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ҚОСЫМШАЛАРЫ

7.1. **№1 қосымша** – Қосу арқылы банктік қызмет көрсету шартының ережелеріне Қосылу туралы өтініш;

7.2. **№2 қосымша** – Клиенттің ағымдағы шоттарын ашу және есеп-кассалық қызмет көрсету талаптары;

7.3. **№2.1 қосымша** – Ағымдағы шоттарды ашу және есеп-кассалық қызмет көрсету талаптарына Қосылу туралы өтініш;

7.4. **№3 қосымша** – Клиенттің ағымдағы шотындағы ақша қалдығына сыйақы есептеу талаптары;

7.5. **№3.1 қосымша** – Клиенттің ағымдағы шотындағы ақша қалдығына сыйақы есептеу талаптарына Қосылу туралы өтініш;

7.6. **№4 қосымша** – «Интернет-Банкинг» қашықтықтан банктік қызмет көрсету талаптары;

7.7. **№4.1. қосымша** – «Интернет-Банкинг» қашықтықтан банктік қызмет көрсету талаптарына Қосылу туралы өтініш.